Түркістан облысы
"Шардара ауданының
Қоссейіт ауылдық округі әкімінің
аппараты"
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
"Аппарат акима
сельского округа Коссейт
Шардаринского района"
Туркистанской области

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

19.03.2026 ж.
Қоссейіт ауылы

№ 17
село Коссейт

Өнім берушіні таңдауды және сонымен мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін, «мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР Заңды нормаларын қолдануысыз мемелекеттік сатып алу туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы 16 бабының 3 тармағының 28) тармақшасының негізінде (бұдан әрі - Заң) Өнім берушіні таңдауды және сонымен мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін, Заң нормаларын қолдануысыз **«Қоссейіт ауылдық округіндегі Д.Қонаев көшесінің тұйығына тас төсеу»** мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асырсын.

Жеке Кәсіпкер «Сейтмуратова Мадина», Жеке Кәсіпкер «Ырыс» және Жеке Кәсіпкер «Asanova» баға ұсыныстарын салыстыру нәтижесінде, Заңның 5 бабы 1 тармағының 1) тармақшасының негізінде, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

«Шардара ауданының Қоссейіт ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ең төмен баға ұсынған, **Жеке Кәсіпкер Asanova** - мен 17 300 000 (Он жеті миллион үш жүз мың теңгеге) келісім шарт жасалсын.

Ауылдық округі әкімі **Н.Жайнар**

Сканировано с CamScanner

«Қоссейіт ауылдық округіндегі Д.Қонаев көшесінің тұйығына тас төсеу» жұмыстары үшін Мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі.

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты : Түркістан облысы, Шардара ауданының Қоссейіт ауылдық округ әкімінің аппараты Д.Қонаев көшесінің тұйығына тас төсеу қызметін стандартқа сай, үздіксіз сметада көрсетілген жұмыстарды жыл бойына аткарылу.

Нақты орындаушыны таңдау себептері: Біз жергілікті жеткізушіні қолдағымыз келеді салықтар аудандық бюджетке түсуі үшін. Жеке Кәсіпкер «Asanova» бұл саламен 4 жылдан астам уақыт айналысады, шолулар жақсы, тәжірибелі мамандар бұл салада 4 жылдан астам жұмыс істейді. Тас төсеуге қатысты барлық техникалары бар. Жауапкершілігі бар және тиянақты мердігер. Біз жұмыстың сапалы орындалғанын қалаймыз.

Ауылдық округі әкімі **Н.Жайнар**

Сканировано с CamScanner

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлкеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болу керек».**

2022 жылдан 2024 жылға кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлкет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіп орындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижетсінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарт бұзылып, жаңа сатып аул рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмейді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаржылардың игерілмеуіне әкеледі, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жозықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келеді.

Осыған байланысты, Мемлкет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауырлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арақылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **«Қоссейіт ауылдық округіндегі Д.Қонаев көшесінің тұйығына тас төсеу»** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдансын.

Ауылдық округі әкімі **Н.Жайнар**

Сканировано с CamScanner